

# 8 наурызға не сыйлауға болады?

**Ол қызғалдақтың нәзік иісімен, тәтті кәмпиттердің дәмімен, көктемнің жұпар лебімен баурап алады... Иә, бұл 8 наурыз — Халықаралық әйелдер күні туралы.**

Бұл күні әйелдерді тек ер-азаматтар ғана емес, әйелдердің өзі де құттықтайды: әріптестер әріптестерін, әпке-сіңлілер бірін-бірі, қыздар аналары мен әжелерін қуантады. Өйткені бұл — жылылық пен ризашылықты білдіретін ерекше мереке.

Сізге сыйлық таңдауға көмектесу мақсатында, біз 8 наурызға арналған креативті сыйлық идеяларын топтастырдық. Сүйікті жарыңызға, аяулы анаңызға, асыл әжеңізге, жан досыңызға — бәріне лайықты нұсқалар бар.

## АНАҒА: ҚАМҚОРЛЫҚТЫҢ ПРАКТИКАЛЫҚ КӨРІНІСІ

Әрине ана ең қымбат сыйлыққа лайық, сіз бірнеше рет орамал, кәжекей, зергерлік бұйымдар сыйлаған боларсыз. Ана үшін ең маңыздысы — өзін бағалайтыныңызды сезіну. Сондықтан ең жақсы сыйлық — оның күнделікті тіршілігін жеңілдететін немесе өзі «кейінге» қалдырып жүретін қуанышты сыйлайтын дүние.

Егер анаңыз ас дайындағанды ұнатса, заманауи асүй құрылғыларына назар аударыңыз: аэрогриль, мультипісіргіш немесе температураны реттейтін ақылды шәйнек. Мұндай сыйлық күн сайын кәдеге жарап, сізді еске салып тұрады.

Ал жиі шаршайтынын айтса, арқа мен мойынға арналған массаж жастығы немесе кәсіби массаж курсы оның шын мәніндегі демалысына айналуы мүмкін.

Өзіне сирек көңіл бөлетін аналар үшін SPA-ға немесе бассейнге абонемент жақсы таңдау. Тіпті бірге барып, ортақ әсер сыйласаңыз — бұл одан да қымбат. Егер алыс жерде тұрсаңыз, электронды сертификат жіберіп, сүйікті гүлдерін жеткізіп беруге болады.

## ҚҰРБЫҒА: ТАЛҒАМЫНА САЙ ТАРТУ

Жақын құрбыңызға сыйлық таңдау жеңілірек — сіз оның қалауын білесіз.

Концерттер мен театрды жақсы көрсе, бірге баратын билет алыңыз. Бұл — мерекені тойлаудың екі есе әсерін сыйлайды. Тері күтіміне мән берсе, кез келген әдемі қаптаманы емес, өзі айтып жүрген брендті таңдаған дұрыс. Ал нақты білмесеңіз, сүйікті дүкеніне сертификат ұсынған жөн.

Ерекше дүние жасағыңыз келсе, бірге шеберлік сабағына жазылыңыз: қыш өнері, флористика, аспаздық немесе аксессуар жасау. Ортақ әсер — есте ұзақ сақталады.

## ӘРІПТЕСКЕ: ІЛТИПАТ ПЕН ӘДЕПТІҢ ҮЙЛЕСІМІ

Әріптеске сыйлық беру — нәзік тепетеңдік. Артық кетпей, ықылас білдіру маңызды.

Жұмыс үстеліне арналған сапалы термокесе, стильді күнделік немесе ноутбукке арналған аксессуарлар — әмбебап шешім. Үйден жұмыс істейтіндер үшін хош иісті шам немесе диффузор да жарасымды.

Кеңседе тәттілер әрдайым қуаныш сыйлайды: қолөнер шоколады, шай жиынтығы немесе ерекше печенье. Ұжым шағын болса, бірігіп, мазмұндырақ сый ұсынуға болады.

## ҚЫЗЫҢЫЗҒА: АРМАНЫН ҚОЛДАУ

Қызыңыз 7 жаста болсын, 17 жаста болсын — оның қызығушылығын байқап, қолдау көрсету маңызды.

Кішкентайларға — шығармашылық жиынтықтар, заманауи конструкторлар, әдемі суретті кітаптар.

Жасөспірімдерге — көптен армандаған гаджет немесе қызығушылығына сай курс (дизайн, тіл үйрену, музыка, бағдарламалау).

Ең бастысы — оның таңдауы сіз үшін маңызды екенін көрсету.

## ҰСТАЗҒА НЕМЕСЕ ТӘЛІМГЕРГЕ: ҚҰРМЕТ БЕЛГІСІ

Ұстазға арналған сыйлық — алғыс пен құрметтің көрінісі. Ол қымбат болмауы мүмкін, бірақ ойластырылған болуы тиіс.

Гүл композициясы немесе бөлме гүлі, сапалы шай не көркем әдеби кітап — жарасымды нұсқа. Бұл — ұстазды тек маман ретінде емес, тұлға ретінде бағалаудың белгісі.

## ЖАРЫҢЫЗҒА: ШЫНАЙЫ ӘРІ ЖЕКЕ МӘНІ БАР СЫЙ

Жұбайыңызға сыйлық таңдау — ерекше жауапкершілік. Ол сіздің қаншалықты ойланып таңдағаныңызды бірден сезеді.

Егер белгілі бір әшекей немесе хош иіс жайлы айтып жүрсе — бұл ең сенімді нұсқа. Ал күмәніңіз болса, бірге таңдау процесін мерекенің бір бөлігіне айналдырыңыз.

Романтикалық кешкі ас немесе демалыс күндері басқа қалаға шағын сапар — ұмытылмас әсер сыйлайды. Егер жарыңыздың хоббиі болса, соған қатысты пайдалы әрі сапалы сыйлық таңдаңыз. Бұл — оның қызығушылығын қолдаудың белгісі.

**Кез-келген бюджетке арналған идеялар**

2 000 теңгеге дейін: жылы лебіз жазылған ашықхат, сүйікті тәтті, шағын гүл шоғы.

3 000–5 000 теңге: хош иісті шам, кітап, гүлдер, косметикалық жиынтық, кофеханаға сертификат.

5 000–15 000 теңге: SPA-сертификат, күміс әшекей, ақылды гаджет, іс-шараға билет, оқыту курсы.

15 000 теңгеден жоғары: зергерлік бұйым, саяхат, техника немесе қаржылық болашаққа жасалған инвестиция.

**Жақсы сыйлықтың бірнеше қағидасы**

1.Стереотипке емес, адамның қызығушылығына сүйеніңіз.

2.Жеке мән қосыңыз — қолдан жазылған тілек кез-келген сыйды айырықша етеді.

3.Әсер сыйлаңыз — эмоция ұзақ сақталады.

4.Соңғы сәтке қалдырмаңыз — мерекеге дайындықты алдын ала бастаған жөн.

8 наурыз — жай ғана күнтізбедегі дата емес. Бұл — алғыс айтуға, құрмет көрсетуге және жан жылуын бөлісуге мүмкіндік. Ендеше, сыйлығыңыз да сол көңілдің жалғасы болсын.




i.pinimg.com

# Халықаралық әйелдер күні: Мерекенің тарихы мен дәстүрі

**8 наурыз мерекесін ойға алсақ, көпшіліктің көз алдына көктемнің шуақты лебі, гүл шоқтары мен әйел затына деген ілтипат елестейді. Жанымызға жақын барша әйелдер қауымына сыйлық сыйлап, қуантқымыз келеді. Алайда бұл күннің мәні әлдеқайда тереңде жатыр. Бастапқыда ол – әйелдердің тең құқығы мен әділдік жолындағы күресінің нышаны ретінде дүниеге келген мереке.**

## МЕРЕКЕНІҢ ТАРИХЫ

Тарих беттерінде бұл күннің бастауы 1857 жылмен байланыстырылады. Сол жылы Нью-Йорк қаласында тоқыма фабрикаларында еңбек еткен әйелдер ауыр жұмыс жағдайына қарсы наразылық білдірген еді.

Ал 1908 жылдың 8 наурызында (ескіше 23 ақпан) дәл осы қалада әйелдер тең құқық талап етіп, көшеге шықты. Олар жұмыс уақытын қысқартуды, жалақыны арттыруды және сайлау құқығын беруді талап етті. Бір жылдан кейін АҚШ-та Ұлттық әйелдер күні бекітіліп, ақпан айының соңғы жексенбісінде атап өтіле бастады.

1910 жылы Копенгаген қаласында өткен еңбекші әйелдердің халықаралық конференциясында неміс қайраткері Клара Цеткин әйелдер теңдігі жолындағы күресті дәріптейтін арнайы халықаралық күн белгілеуді ұсынды. Дегенмен нақты дата сол кезде бекітілмеген еді.

## 8 НАУРЫЗ РЕСЕЙ ИМПЕРИЯСЫ МЕН КСРО КЕЗЕҢІНДЕ

1913 жылы Санкт-Петербург қаласында «әйелдер мәселесіне арналған ғылыми таң» ұйымдастырылып, гендерлік теңдік, ана мен бала құқығы талқыланды.

1917 жылғы 23 ақпанда (жаңа күнтізбе бойынша 8 наурыз) Петроград қаласында басталған ереуілдер Ақпан төңкерісіне ұласып, монархияның құлауына себеп болды. Осы өзгерістер нәтижесінде Ресейде әйелдер сайлау құқығына ие болды.

1921 жылы 8 наурыз ресми түрде мемлекеттік мереке болып бекітілді. Ал 1965 жылдан бастап бұл күн демалыс күні болып жарияланды. Кеңестік кезеңде мереке әйел-ана мен еңбеккер әйелдің бейнесін ұлықтаудың символына айналды.

## ХАЛЫҚАРАЛЫҚ МОЙЫНДАЛУЫ

1975 жылы Біріккен Ұлттар Ұйымы 8 наурызды ресми түрде Халықаралық әйелдер күні деп жариялады. Кейінірек әйелдерге қатысты кемсітушіліктің барлық түрін жою туралы Конвенция қабылданып, көптеген мемлекеттер гендерлік теңдік қағидатын заңнамаларына енгізді.

## ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ДӘСТҮРЛЕР

Бүгінде 8 наурыз – мемлекеттік мереке әрі демалыс күні. Бұл күні аналарға, әпке-қарындастарға, қыздарға, әріптестерге құрмет көрсетіліп, гүл шоқтары мен сыйлықтар тарту етіледі. Әсіресе қызғалдақ пен мимоза гүлі кең таралған.

Ірі қалаларда концерттер, мәдени шаралар, мерекелік бағдарламалар ұйымдастырылады. Гүл сатылымы бірнеше есе артып, көктемнің көркі айырықша сезіледі.

## ӘЛЕМДЕГІ ДӘСТҮРЛЕР

Кейбір елдерде 8 наурыз мемлекеттік мереке ретінде сақталған. Германияда бұл күн әйелдер құқығы үшін күрес күні ретінде атап өтіледі, ал Берлинде ресми демалыс болып саналады. Кубада мереке кең көлемде тойланса, Италияда әйелдер бұл күнді құрбыларымен бірге атап өтуді дәстүрге айналдырған. Қытайда кейбір мекемелерде әйелдерге жұмыс күні қысқартылып беріледі.

Жапонияда 8 наурыз атап өтілмейді, алайда әйелдер мен қыздарға арналған өзге ұлттық мерекелер бар.

## БҮГІНГІ МӘНІ

Уақыт өте келе мерекенің әлеуметтік-саяси мазмұны біршама көмескі тартқанымен, оның тарихи негізі – әйелдердің теңдігі мен құқықтары жолындағы күрес – маңызын жойған жоқ.

Бүгінде 8 наурыз – көктемнің шуағын, мейірім мен сыйластықты, әйел затына деген шынайы құрметті айшықтайтын айырықша күн.

**Бетті дайындаған: Салтанат Бикөбек**



www.onrabat.kz

# OÑTÜSTIK RABAT

Қоғамдық-саяси газет
Тарату аумағы: Қазақстан Республикасы
№10 (765) 5 наурыз 2026 ж. 16+

# «Кең баба» саябағының орнына не салынады?

**Шымкентте «Кең баба» саябағының орнына жапондық үлгідегі жаңа бақ салынады. Былтыр мемлекет меншігіне қайтарылған аумақ биыл толық жаңғыртылып, тұрғындар игілігіне берілмек. Сондай-ақ, «Көктем» базары маңындағы сүріліп жатқан сауда қатарларының орны да қоғамдық демалыс аймағына айналады. Қала билігі бұл жобалар шаһардың сәулеттік келбетін жақсартып, тұрғындарға жайлы орта қалыптастыруға бағытталғанын айтады.**






Шымкент қаласында «Кең баба» саябағы аумағы қайта жаңғыртылады. Еске салайық, нысан 2024 жылы жердің нысаналы мақсатта пайдаланылмауына байланысты мемлекет меншігіне қайтарылған болатын. Содан бері тұрғындар саябақтың болашағына алаңдап, оның орнына не салынатынын жиі сұрап келген.

Бұл сұраққа бүгін қалалық коммуникациялар орталығында өткен баспасөз мәслихатында жауап берілді. Қалалық жайлы ортаны дамыту басқармасының басшысы Оңғар Әбілқайырдың айтуынша, аумақта жапон стиліндегі заманауи бақ бой көтереді.

Басқарма басшысының мәліметінше, құрылыс жұмыстарын «Би Ай Групп» компаниясы жүргізеді. Нысанды жыл соңына дейін пайдалануға беру жоспарланған. Ал «Көктем» базары маңындағы сауда қатарларының орны да бос қалмайды. Бұл аумақ абаттандырылып, ашық қоғамдық кеңістікке айналады. Мұнда тұрғындардың серуендеуіне және тынығуына қолайлы жағдай жасалмақ.

Айта кетейік, бұған дейін кейбір кәсіпкерлер сауда нысандарының сүрілуіне қарсылық білдірген еді. Олар бұл мәселеге сот нүкте қоюы тиіс деп есептейді. Қала әкімдігі барлық жұмыстар заң аясында жүргізіліп жатқанын мәлімдеді. Жалпы, жоспарланған жобалар мегаполистегі жасыл аймақтарды көбейтіп, тұрғындарға қолайлы әрі заманауи қоғамдық кеңістік қалыптастыруды көздейді.

**Дилара Иса**



# Шымкентте гүл егуден жаңа рекорд орнатылмақ

**Биыл көктемде Шымкент қаласы гүл егу бойынша өз рекордын жаңартуды жоспарлап отыр. Бұл туралы қалалық жайлы ортаны дамыту басқармасы мәлімдеді. Өткен жылы мегаполис көшелеріне 1 миллион 600 мыңнан астам гүл егілген, ал биыл бұл көрсеткіш бірнеше есе артады.**



Ақпан айы болса да, мұндағы жайқалған жасыл желек пен жылы ауа-райы нағыз жаздың көрінісіндей. Жергілікті агрономдар бұрынғы рекордтарды жаңартуға білек сыбана кіріскен. Көлемді көгалдандыру жұмыстары наурыз айында басталады. Бұл жылы қаланың саябақтары мен көшелерін түрлі сұрыптағы 3,5 миллионнан астам гүл көмкереді деп жоспарлануда.

Ал биылғы ерекшелік – қаланың көркін ашатын лаванда мен сальвиядан жасалған бірегей композициялар егілмек. Бұл өсімдіктер шаһарға тек ашық түс қана емес, қайталанбас хош иіс те сыйламақ.

Әуесбек Опабек, Шымкент қалалық жайлы ортаны дамыту басқармасының бөлім басшысы: «Қазіргі таңда қала аумағындағы көшелерге 1,6 млн. дана көп жылдық гүлдер, сонымен қатар 2 млн. дана біржылдық гүлдерді осы жылыжайда өсіріп қаланың орталық көшесі Бақпаев, Темірлан тас жолы, Бәйдібек би даңғылдарына отырғызу жоспарлануда».

Агроном Халмұрат Сейдановтың айтуынша, мұндағы әрбір тұқым қолмен егілген. Тоғыз жылдан бері гүл өсірумен айналысатын бұл маман қала сәніне айналатын мыңдаған көшеттің күтіміне жауапты. Жылыжайдағы температура қатаң бақылауда. Ол жабық бақтағы 20–25 градус жылылықты сақтап, көшеттердің тез жетіліп, бүршік жаруына жағдай жасайды.

Қалмұрат Сейданов, агроном: «Барлық жұмыстың енді қиыншылығы болады. Сол қиындықтарды жеңіп шықтық. Кешегі жауын-шашында, қарлы күндерде біздің жылыжайымызда газбен қамтамасыз етілген. Сол арқылы ыстықты ұстап отырдық. Күнделікті температура бұл жерде 20-25 градусты ұстап отырмыз».

Айта кетерлігі, мұндай ауқымды жұмыстар демеушілердің қолдауымен жүзеге асырылуда. Бұл бюджетке салмақ салмай-ақ, қала гүлзарларын жайнатып, тұрғындарға көтеріңкі көңіл-күй сыйлауға мүмкіндік береді.

**Ботакөз Әнуар**

Буға бүркенген қауіп: Вейп пен снюстың шындығы – 5 бет
«Сахнаның әр шегесіне дейін жаныммен сүйемін» – 6 бет
8 наурызға не сыйлауға болады? – 12 бет